

ҚР ІІМ оқу орындары тыңдаушыларының кәсіби мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері

Мыңжанов Н.Ә.¹, Түсіпбекова Ә.Қ.²

¹ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты;

²Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

В статье рассмотрены основные вопросы формирования профессиональной культуры слушателей в высших учебных заведениях внутренних дел. Специалисты с высоким уровнем подготовки необходимы в системе правоохранительных органов. Они должны не только иметь правовую подготовленность, но и выполнять воспитательные функции, которые невозможны без соответствующей педагогической подготовки и педагогических знаний, навыков и умений. Обобщенной характеристикой личности сотрудника правоохранительных органов является его правовая компетентность и педагогическая культура.

In article are considered main questions of the shaping the professional culture of the listeners in high educational institutions of the internal deals. Specialists with high level of preparation necessary in system law-enforcement organs, having not only legal preparedness, but also executing educative functions, which impossible without corresponding of pedagogical preparation and pedagogical know ledges skill and skills. Generalized feature personalities of the employee law-enforcement organ became its legal competitiveness and pedagogical culture.

Бүгінгі таңда біздің елімізде құқық қорғау органдары жүйесінде болашақ кадрларды даярлау саяси, экономикалық және мәдени салаларда жаңа қоғамдық қатынастарға өту жағдайларында өтуде.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, республикада демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекетті құруға бағыт қабылданған, бұл еліміз азаматтарының кәсіптік-іскер, жеке тұлғалық және адамгершілік қасиеттеріне қойылатын талаптардың өзгеруіне әсер етпеуі мүмкін емес [1].

Білім беру туралы тұжырымдамада белгіленген артықшылықтарға сәйкес, мемлекеттің әлеуетін анықтайтын бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандарды даярлау білім беру жүйесінің ерекше міндеті аталған [2]. Біз атап өткендей, даярлық деңгейі жоғары мамандар құқықтық даярланғандықты ғана иеленген емес, сонымен бірге сәйкес педагогикалық даярлықсыз және педагогикалық білім, дағдылар мен шеберліксіз мүмкін болмайтын тәрбие беру функцияларын орындайтын құқық қорғау органдары жүйесінде де қажет.

Құқық қорғау органдары қызметкері тұлғасының жалпыланған сипаттамасы оның құқықтық құзыреттілігі және педагогикалық мәдениеті болып табылады. Ол алдын алу, тәрбие беру, құқық қорғау және превентивті қызметтерді халықпен тиімді өзара әрекеттесумен үйлесімде табанды және табысты жүзеге асыру қабілеттілігін көрсетеді.

Біздің ойымызша, әлі күнге дейін мектептің, жоғары оқу орындарының және педагогикалық ғылымның педагогикалық мәдениетті қалыптастыру міндетіне көңіл бөлмеген деп пайымдау дұрыс емес болар еді. Алайда оқушыларды, студенттерді және тыңдаушыларды тәрбиелеу олардың педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай тұжырымдамасы, оның әдістемелік қамтамасыз етілуі, тарихи-педагогикалық талдауы жеткіліксіз жүзеге асырылған. Сондықтан біздің қоғамда педагогикалық мәдениетті қалыптастыру проблемасы білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі болып табылады.

ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 30 маусымдағы № 370 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің тәрбие беру жұмысы тұжырымдамасында: «Адамдар тәрбиесінің жетекші ролін қамтамасыз етпей, қоғамның рухани сауығуы мүмкін емес, себебі азаматтардың өзін-өзі бағалау деңгейі және мемлекеттік қызметкерлердің тәрбиеленгендігі деңгейі арасында маңызды алшақтық пайда болды. Атап айтқанда, құқық сақтау органдары қызметкерлерінің белгілі бөлігінде тәрбиеліліктің жеткіліксіздігі, лайықты адамгершілік, педагогикалық, саяси және басқа мәдениеттің жоқтығы Қазақстан Республикасы ІІМ қызметінің өзекті мәселелерін айтарлықтай тиімділікпен шешуге мүмкіндік береді, онымен жеке құраммен тәрбие беру жұмысын жүргізудің маңыздылығы, оны түбегейлі жақсарту қажеттілігі қамтамасыз етілген.

Тәртіп пен заңдылықты бұзу санының азаймауы, қызметкерлердің ауыр қылмыстар, соның ішінде топтық, пайдақорлық бағытта жасау фактілері қатты алаңдатушылық тудырады. Қызмет

мүдделеріне сатқындық жасау, қызмет бабын теріс пайдалану жағдайлары бірлі-жарым емес. Полиция қызметкерлері тарапынан көрсетілетін дәрежелілікке, арсыздыққа, адамдармен ықпалсыз қарым-қатынасқа түсетін шағымдар мен өтініштер саны азаймайды, көмек сұрап барған адамдарға тіл тигізу және оларды қорлау жағдайлары сирек емес», — деп атап өтілген [3].

Берілген проблеманы зерделеу үшін оны мәдениет теориясы бойынша әдебиетте анықтауға қандай амалдар бар болатынын айқындау қажет. Кейбір зерттеушілер оны — адамның қызмет ету тәсілі, басқалары — адам шығармашылығының процесі, үшіншілері — адамның қызметіндегі маңызды күштерді іске асыру шарасы мен тәсілі, төртіншілері құндылықтар жүйесі және оларды іске асыру процесі ретінде анықтайды.

Біз А.В.Стремоуховтың пікіріне қосыламыз, «мәдениет» ұғымына С.И.Ожегов аса сәтті анықтама берді: «Мәдениет — бұл адамдардың әлеуметтік құндылықтардың дамуын меңгеру бойынша шығармашылық қызметінің тәсілі және нәтижелері, онда қоғам мен жеке тұлғаның прогресі айқындалады және олардың арқасында қамтамасыз етіледі». Басқаша айтқанда, мәдениет, айталық, қызметтің заңды немесе педагогикалық және оған ұқсас түрлерімен қатар, оның ерекше түрі ретінде емес, оның кез келгенінің сапалық сипаттамасы ретінде қарастырылады. «Мәдениет — қоғамдық өмірдің бөліктерінің бірі, адамдар өмірінің жеке сферасы болмайды. Мәдениет олардың сапалық сипаттамасы ретінде қоғамдық өмірдің барлық сфераларына тән» [4].

Гегель «Құқық философиясында» мәдениетке байланысты былай деп жазған: ««Мәдениетті адамдар» деген сөздің астарында басқалар жасайтынның барлығын жасауға шамасы келетін адамдарды түсінуге болады» [5]. Егер Гегельді материалистік тұрғыда оқыса, — деп ойлайды Л.Н.Коган, — онда бір адамның қызметінің мәдениеті адамның жеке қызметін жалпыға ортақ қызметтен жоғары ұстаудан, осы қызметтің жалпыға ортақ нормаларын иеленуден тұрады [6]. Осыған байланысты мәдениеттің астарында осы адамдардың нәтижесінде жаңа жоғары жетістіктер жасалатын және адамның тұрақты даму процесі жүретін қызметінің қоғамдық-тарихи практиканың әр түрлі салаларындағы жоғары жетістіктерге (эталондарға, құндылықтарға) сәйкестігін түсінетін зерттеушілердің көзқарасы аса нәтижелі болып көрінеді.

Мәдениет субъектілері қоғам, кластар, әлеуметтік топтар ғана емес, сонымен бірге адам болып табылатындықтан, онда «жеке тұлға мәдениеті» ұғымын анықтау қажеттілігі бар.

Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың маңыздылығы маманның жеке тұлғасы мен қызметіне деген осы заманғы талаптарымен сипатталады. Мұның өзі оқу орнының педагогикалық үрдісінде жалпы және кәсіби мәдениетті, қарым-қатынас жасау мен өзін ұстай білу мәдениеті ұдайы көтеретіндей бағыт-бағдар беру қажеттігін туғызады.

Жеке тұлғаның бойындағы психикалық қасиеттердің қосарлануы және оларды маманның талаптарымен салыстыру өте күрделі болып келеді. С.И.Ожеговтың сөздігін қарастырсақ, адамның жеке тұлғалық қасиеттерін бейнелейтін 1500-ға жуық сөз бар екені анықталды. Бірақ олардың барлығы жеке тұлғалық ерекшеліктер емес, яғни олардың кейбіреулерін бір сөзбен анықтауға болады. Мысалы, психологтар берілген сөздер мен түсініктерді қолдануда жеңіл болу жолдарын тапты, олар жеке тұлғалық қасиеттердің барлығын белгілі бір топтарға бөліп қарастырады: қабілеттер, қасиеттер, қызығушылықтар, темперамент және т.б.

Жеке тұлғаның мотивациясы хабардар болу, себеп-салдар, дәлелдер, мақсаттар мен оның мағынасын қарастыратын, жеке тұлғаның бағыттылығымен қамтамасыз етіледі. Жеке тұлғаның бағыттылығы адамның қоғамға және өз-өзіне деген қарым-қатынасының жүйесін, іс-әрекет пен оның тәртіп бірлігін анықтайды; жеке тұлғаның тұрақтылығын құрайды; өздігінен даму мен машықтану негізі болып табылады.

Жеке тұлға мәдениеті — бұл оның маңызды күштерін, материалдық және рухани құндылықтарды жасау және тұтыну бойынша шығармашылық қызметінде оларды іске асыру тәсілдерін дамытудың жоғары дәрежесі. Сонымен, жеке тұлға мәдениеті маңызды күштердің бар болуымен және олардың даму дәрежесімен сипатталады. «Адамның маңызды күштері» деген не?

Сонымен, К.Маркс «Құқықтың гегельдік философиясын сынауға» атты жұмысында ерекше жеке тұлғаның «маңызын» «оның сақалы емес, оның қаны емес,... ал оның әлеуметтік сапасы... құрайды», — деп жазады» [7].

Одан адамның маңызды күштерінің тең оның қызметінде ғана және, ең алдымен, еңбегінде айқындалуы мүмкін екендігі туралы куәландырады. Адам әлемді тек еңбек арқылы түрлендіреді және өзінің күштері мен қабілеттерін заттандырады. Осыдан «қызмет» категориясы «мәдениет» категориясынан ажыратылмайды, не болмаса «ол мәдениет механизмі — әлеуметтік тәжірибені

жалпылау және бекіту нәтижелері мен құралдары арқылы программаланады және жүзеге асырылады». Осыдан «қызмет тәсілі» ұғымы теорияны негіздегенде және мәдениет феноменін сипаттағанда базалық категория ретінде қабылдануы тиіс екендігі шығады.

Мәдениетті зерделеу, адамның жеке ерекшелігін қарастыра отырып, педагогикалық мәдениетті дамытудың негізгі бағыттарын да заңға сыйымды қамтамасыз етті. Кез келген азамат қызмет және қатынас процесінде оқыту, тәрбиелеу және, әрине, мәдениет тұрғысында ең жақсысын алуға тырысады. Берілген жағдайда мәдениеттің дамуы жеке тұлғаның қоғамдық тіршілік әрекетінің кез келген саласында дамуымен сәйкес келеді.

Берілген сөйлемнің жеке тұлғаның педагогикалық мәдениетін талдау үшін әдіснамалық мәні бар. Философиялық білім құрылымының түсінігін, зерттеу тақырыбының өзгешелігін назарға алып, әдіснамаға, гносеологияға, диалектикалық логикаға, әлеуметтік философияға, сондай-ақ ғылым философиясына сүйенеміз. Зерттеу негізіне таным теориясының, философиядағы ғылыми таным теориясының маңызды сипаттамасы қабылданған.

Адамзат факторы ролінің жоғарылауы мен мәдениет макиологизациясы тенденциясы, оған жақсы қасиеттер беру байланысқан. Мұнда мәдениет құндылықтар жүйесі және оларды іске асыру процесі ретінде айқындалады.

Философ-ғалымдар «мәдениет» ұғымында әр түрлі бөлімдерді ерекшелейді — бұл рухани және материалдық бөлімдер. Осыдан алғанда материалдық мәдениеттің адам қызметінің бүкіл сферасын, оның нәтижелерін, қоғамның материалдық өмірінің және адамның жеке тіршілік ету жағдайларын тудыратынның барлығын қамтитыны шығады, ол өндірістік күштердің даму деңгейімен, қоғамның экономикалық құрылысымен анықталады, рухани мәдениеттің қалыптасу және даму базасы қызметін атқарады.

Қазіргі уақытта әдебиетте кездесетін анықтамаларды кез келген тарихи кезеңге қолдануға болады. Сонымен бірге маманның (әсіресе ішкі істер органдары қызметкерінің) педагогикалық мәдениетіне сапалы жаңа талаптар қойылады. Басқаша айтқанда, педагогикалық қызмет ретінде 20–25 жыл бұрын саналғанды және қазір саналатынды бірдей анықтауға болмайды. Жүйелік-құрылымдық амалдың зерделенетін құбылыстарға қойылатын талаптары және зерттеу міндеттері бізді, оларды бір мезгілде пән ретінде де, тәрбие беру қызметінің нәтижесі ретінде де қарастырып, онда оның құраушыларының маңызды элементтерін көрсету арқылы педагогикалық қызмет анықтамасын шекті нақтыландыру қажеттілігіне келтірді.

Философиялық және психология-педагогикалық әдебиеттерде жеке тұлғаның педагогикалық мәдениетінің құрылымына көзқарастарда анықталған бірлік қалыптасты. Біздің ойымызша, кездескен айырмашылықтар түбегейлі емес және негізінде олардың көптігі туралы айтады.

Педагогикалық мәдениеттің негізгі элементтеріне: психология-педагогикалық білім және білімдарлық; педагогикалық бағытталғандық (өзгеше кәсіптік қатынастар, көзқарастар мен нанымдар жүйесі); педагогикалық бағытталған қатынас және тәртіп; оқу және тәрбие беру қызметін нәтижелі және шығармашылықпен үйлестіре білу; тәрбиелеушінің педагогикалық қызметіндегі кәсіби маңызды жеке тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы; үнемі өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылу (өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу) және т.б. жатады [8].

Сонымен бірге кәсіптік мәдениеттің, кез келген басқа мәдениеттің сияқты, жетілу шегінің жоқ екендігін атап кету қажет. Қоғамның дамуына қарай оның сапалық деңгейі және практикалық маңызы үнемі артып отырған және болашақта да артатын болады. Педагогикалық мәдениет қалыптасуының қоғамның барлық педагогикалық жүйесінің дамуы және жұмыс істеуі үшін орасан зор мәні бар. Жеке тұлғаның педагогикалық қызметіне әсер етіп, педагогикалық мәдениет сонымен бірге мемлекеттік органдардың, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың қызметіне, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметіне әсер етеді, себебі олар қылмыстарды тергеу мен ашуды жүзеге асыруға ғана емес, сонымен бірге азаматтардың арасында адамдарда мәдениет пен заңға құрметті тәрбиелеумен байланысты алдын алу жұмысын жүргізуге де міндетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы, 2005. — 40 б.
2. Концепция государственной политики в области образования // Учитель Казахстана. — 1995. — № 9. — С. 3–4.
3. Концепция воспитательной работы внутренних дел Республики Казахстан: Приказ № 370 Министра внутренних дел РК от 30 июня 2003 г. — Астана, 2003. — С. 2, 3.

4. Ожегов С.И., Шведова Л.Ю. Толковый словарь русского языка. — М.: Изд-во «Азъ», 1992. — 562 с.
5. Гегель. Философия права: Соч. в 14 т. — М.: Соцэкгиз, 1982. — 156 с.
6. Коган Л.Н. Сущность культурной деятельности // Культурная деятельность: опыт социологического исследования. — М.: Товарищество научных изданий КМК, 1981. — С. 8–30.
7. Маркс К., Энгельс Ф. К критике гегелевской философии права. — 2-е изд. — Т. 1. — М.: Соцэкгиз, 1957. — 368 с.
8. Культура в свете философии. — Тбилиси: Мецниереба, 1979. — 145 с.

УДК 378:[7.072.2:37.01:7]

Педагогическое искусствознание — интегрированная междисциплинарная область гуманитарного знания

Золотарева Л.Р.

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Мақалада педагогикалық өнертану гуманитарлық білімнің пәнаралық саласы ретінде қаралады. Жүйелі-синергетикалық көзқарастың негізінде ғылыми терминологияда «педагогикалық өнертану» түсінігі, оның білімнің басқа гуманитарлық саласымен ара қатынасы сарапталып, зерттеу пәні мен әдістері анықталады. Педагогикалық өнертану педагогикалық технологияның өнері ретінде белгіленеді. Этнокөркем компонентті есепке ала отыра, арнайы курстың бағдарламасы ұсынылады. Поликөркемдіктің негізінде болашақ бейнелеу өнері бакалаврларының өнертанушылық-педагогикалық мәдениетінің құрылымы анықталады.

The article analyzes pedagogic study of art as interdisciplinary sphere of humanities. The concept «pedagogic art studies» is formed on the base of system-synergetic approach. It analyzes its correlation with other areas of humanities, as well as determines the subject and research methods. Pedagogic study of art is considered as the art of pedagogic technology — interactive tools of the creative pedagogic process. It offers a program of the special course taking into account the ethnic and artistic component. The article defines the structure of art-pedagogic culture of future Bachelors of Arts on the basis of poly-artistry.

Вступление современной цивилизации в постиндустриальную эпоху резко повысило статус и роль творческой личности во всех сферах жизнедеятельности общества.

Обществу XXI в. требуются творческие, гибкие, способные к адаптации и восприимчивые к инновациям специалисты, поэтому образовательные системы должны развиваться с учетом социокультурных требований. Художественное образование — это средство, позволяющее развивать человеческие ресурсы, необходимые для использования их ценного культурного капитала. Если государство желает развивать эффективные и устойчивые культурные, творческие индустрии и предприятия, оно должно использовать эти ресурсы и этот капитал.

Под художественным образованием подразумевается не только образование методами искусства, в это понятие вкладывается более широкий гуманитарно-культурологический смысл. Оно нацелено на формирование гуманитарной и личностной культуры: интеллектуальной, эстетико-художественной, этико-мировоззренческой. Художественное образование содействует получению такого образования, которое объединяет интеллектуальные и творческие способности и позволяет сделать связь между образованием, культурой и искусством более динамичной и плодотворной; оно призвано уравновесить познавательные и эмоциональные факторы развития личности и тем самым способствовать построению *культуры мира*.

Художественное образование — это средство, позволяющее развивать человеческие ресурсы, необходимые для использования их ценного культурного капитала. Стратегическое направление художественного образования устанавливается основным положением Декларации Первой Всемирной конференции ЮНЕСКО по образованию в области искусства (Лиссабон, Португалия, 2006): «*преподавать и учиться через искусство*», а также рекомендациями Второй Всемирной конференции ЮНЕСКО (Сеул, Республика Корея, 2010).